

Мемлекет басшысы энергетика саласы қызметкерлерін марапаттады

Ақордада өткен салтанатты жиында Қасым-Жомарт Тоқаев биыл Жұмысшы мамандықтары жылы аясында еңбек адамдарына ерекше құрмет көрсетіліп жатқанын атап өтіп, энергетика саласы мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтады.

– Энергетика саласы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар сала. Тұрақты қуат көзі болмаса, қуатты мемлекет құру мүмкін емес. Энергетика саласында қызмет ету – еліміздің дамуына үлес қосу деген сөз. Себебі сіздер атқарып жатқан жұмыстың игілігін еліміздегі әр отбасы, әр адам көреді. Әрбір үйге жарық пен жылу беру – жауапкершілігі зор жұмыс. Қажырлы еңбектеріңіз үшін баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздің өсіп-өркендеп келе жатқанына назар аударды.

– Біз экономиканы және инфрақұрылымды дамытуға баса мән беріп отырмыз. Заманауи өндіріс орындарын ашып жатырмыз. Еліміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Қазақстан болашақта толыққанды цифрлық ел болуға тиіс. Осы мақсатқа жету үшін ауқымды жұмыс қолға алынды. Астанада Халықаралық жасанды интеллект орталығы құрылды. Жақында белгілі америкалық компанияның технологиясы бойынша жасалған суперкомпьютер іске қосылды. Жаһандық үрдістерге сай жаңа «дата-орталықтар» салынады, «бұлтты» инфрақұрылым қалыптасады. Әрине, мұның барлығы энергетика са-

ласы үшін үлкен сынақ болмақ. Сондықтан осындай маңызды міндеттерді жүзеге асыру үшін энергетика саласын түбегейлі жаңғыртуымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір осы бағытта атқарылып жатқан нақты жұмыстарға тоқталды.

– Соңғы алты жылда электр энергиясын өндіру 16 миллиард киловатт-сағатқа артты. Бұл Қарағанды облысы сияқты өндіріс өркендеген аймақтың бір жылдағы қуат тұтыну көлемімен бірдей. Қазіргі кезде Қазақстанның электр энергетикасы жүйесіне жалпы қуаты 25 гигаваттан асатын 237 электр станциясы кіреді. Ал іс жүзінде қолданыстағы жалпы қуат көлемі – 21 гигаватт. Мемлекет жүргізіп отырған жүйелі шаралардың арқасында энергия нысандары мен инженерлік-коммуналдық желілердің орнықтылығы айтарлықтай күшейді. Өткен жылғы жылыту маусымында технологиялық ақаулар 27 пайызға қысқарды. Тоғыз жылу электр орталығы тәуекелдің «қызыл» аймағынан шықты, ал үш станция «жасыл» аймаққа өтті, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл орайда Қасым-Жомарт Тоқаев инфрақұрылымды қалыпты деңгейде ұстап тұру үшін «Тарифті инвестицияға



айырбастау» бағдарламасы іске қосылғанын еске салды.

– Соның нәтижесінде үш жыл ішінде тек кәсіпорындардың күрделі жөндеу жұмыстарына 900 миллиард теңгеден астам жеке инвестиция тартылды. Бұл жұмыстың қарқынын бәсеңдетпеу керек. Алдымызда сенімді әрі заманауи энергетика инфрақұрылымын қалыптастырып, экономиканың дамуына тиісті жағдай жасау міндеті тұр. Осы орайда Үкімет «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» жөніндегі ұлттық жобаны іске асыра бастады. Оның аясында 2030 жылға дейін кемінде 200 нысанға реконструкция жасалады, 86 мың шақырым желі жаңарады. Үкіметке еліміздің энергетикалық әлеуетін ұдайы арттыру міндеті жүктелді. Бұл – Қазақстанның экономикалық дамуын одан әрі табы-

сты жүзеге асыру үшін аса маңызды. Еліміз экспорттық әлеуеті зор энергетикалық державаға айналуы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент салада таяу жылдары атқарылатын нақты жұмыс бағыттарын атап өтті.

– Қазақстанның энергетикалық әлеуетін нығайту – басымдыққа ие міндет. Биыл батыс аймақтардың электр желісін күшейтетін бірегей жоба аяқталады. Бұл жоба Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарының энергетикалық тораптарын біріктіреді. Енді осы тораптарды бірыңғай ұлттық энергетика жүйесіне жалғау қажет. Елімізде басқа да ірі жобалар қолға алынатын жағдай. Атап айтқанда, Екібастұздағы екінші ГРЭС-те жаңа энергоблок салынады. Сондай-ақ үшінші ГРЭС-тің құрылысы басталмақ. Бұл нысандар еліміздегі энергетика жетіспеушілігін жоюға тиіс. 2026 жылы Алматыдағы электр станцияларын жаңғырту – Үкімет пен әкімдік алдында тұрған маңызды мақсат. Сол арқылы ауаның ластану деңгейін төмендетіп, қаланың экологиялық ахуалын жақсарту қажет. Бұған қоса, келесі жылы Қызылорда және Түркістан облыстарында бу-газ қондырғысы бар электр станцияларын

толық іске қосу керек. Біз 2035 жылға дейін 26 гигаваттан астам қуат көзін өндіретін нысандарды іске қосуды жоспарлап отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, Қазақстанның табиғи ресурстарын және өндірістік әлеуетін ескерсек, біз электр қуатын басқа елдерден сатып алмауымыз керек.

– Түптеп келгенде, бұл – ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Бұдан бөлек, еліміздің зор энергетикалық мүмкіндігін тиімді қолдану қажет. Мысалы, Қазақстан – көмірге бай ел. Жыл сайын 110 миллион тоннадан астам көмір өндіріледі. Осы стратегиялық артықшылықты дұрыс пайдаланған жөн. Біз заманауи үлгідегі «таза көмір» технологиясына тезірек көшуіміз керек. Сол арқылы көмір станцияларының тиімділігін арттыра түсеміз. Бұдан бөлек, Курчатов қаласында жылу электр станциясын, Көкшетау, Семей, Өскемен қалаларында жылу электр орталықтарын салу қажет. Осы нысандардың барлығына «таза көмір» технологиясын енгізу керек. Шындығын айтсақ, бұл жобалардың жүзеге асуы өбден созылып кетті. Енді ары қарай күтуге болмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің энергетика саласын дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін бір топ азаматты мемлекеттік наградамиен марапаттады.

akorda.kz.

Аппараттық кеңестің кезекті отырысында

Бүгін аудандық әкімдіктің мәжіліс залында аппараттық кеңестің отырысы өтті. Аудан әкімі Ардақ Дулатұлы Смайлов, мәслихат төрағасы Нұрбек Балтабекұлы Сексенов және барлық мекеме, бөлім басшылары қатысқан аппараттық кеңес қуанышты жаңалықпен басталды. Аудан басшысы Ардақ Дулатұлы ауданның бас санитарлық дәрігері болып ұзақ жыл еңбек еткен Дәметкен Ибрашқызы Мұхаметжанованы зейнеткерлікке шығуымен құттықтады. Бір салада 40 жылдан астам сүбелі еңбек еткен Дәметкен Ибрашқызы еңбек жолының көп бөлігін ауданымызға арнады. Кеңес отырысында Ақмола облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшылары арнайы келіп әріптестерін зейнеткерлікке шығуымен құттықтады. Сондай-ақ, көктемгі су тасқыны кезінде барынша көмек қолын созған, ауданымызда өтетін қандай шара болсын қолдау көрсетіп, демеушілік танытып жүретін Иса Закарьявич Гелисханов аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Кеңес отырысында қала әкімінің міндетін атқарушы Марат Қабенұлы Исағамбетов баяндама жасады. Қала келбетінің шырайын кіргізіп, жаңа жылдық безендірулер жайлы атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Аудан әкімі атқарылып жатқан жұмыстардың сапалы, әрі уақытында орындалуын қадағалауды тапсырды.

Аппаратное совещание: поздравления, благодарности, задачи

В зале заседаний районного акимата состоялось аппаратное совещание под председательством акима района Ардака Смаилова. Перед началом работы совещания глава района поздравил руководителя Буландынского районного управления санитарно-эпидемиологического контроля Даметкен Ибрашевну Мухаметжанову, много лет проработавшую главным государственным санитарным врачом района, с выходом на заслуженный отдых. Глава района вручил приветственный адрес и памятный подарок от актива района. Даметкен Ибрашевна посвятила порядка 40 лет работе в сфере санитарно-эпидемиологического контроля, зарекомендовав себя как высокопрофессиональный специалист, требовательный руководитель, грамотный стратег, опытный наставник. Большая часть профессионального пути

Даметкен Ибрашевны прошла в Буландынском районе. Присутствовавший на заседании руководитель Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Акмолинской области Серик Омарханов с коллегами поздравил Даметкен Ибрашевну со знаменательным днем. Серик Сексенбаевич выразил огромную благодарность Даметкен Ибрашевне за многолетний и плодотворный труд, пожелав хорошего отдыха и здоровья на долгие годы.

Приятную ноту совещания продолжила еще одна церемония награждения. Ардак Дулатович в торжественной обстановке вручил предпринимателю Исе Закарьявичу Гелисханову благодарственное письмо за оказанную помощь во время весенних паводков, а также постоянную поддержку и спонсорство мероприятий, проводимые в районе. Глава района отметил гражданскую

инициативность и патриотизм Исы Закарьявич, пожелав крепкого здоровья, процветания бизнеса и семейного благополучия.

Совещание продолжилось рассмотрением вопроса повестки дня, касающейся нового года оформления города Макинска и подготовки к предстоящим праздничным мероприятиям. По данному вопросу на аппаратном совещании выступил исполняющий обязанности акима г. Макинска Мурат Исагамбетов. Он сосредоточил внимание на работе, проводимой для нового года оформления города в соответствии с современными требованиями. Глава района акцентировал внимание на актуальности всех задач, поручив контролировать качество и своевременность выполнения всех предстоящих работ.

А. АМАНЖОЛОВА.
Фото А. КАЛИЕВОЙ.



АБЫЗ ТҰЛҒА, АҢЫЗ ТҰЛҒА АРАМЫЗДАН ӨТТІ

Аңыз даламыз тағы бір абызынан айырылды. Қалың елдің қабырғасын қайыстырып ауданымыздың «Құрметті азаматы», ақын, өмірін шәкірт тәрбиелеп, ұстаздыққа арнаған Ермек Қаратайұлы өмірден өтті. Абыз ақсақал тоқсанның төріне шықса да қолынан қаламын тастамай өтті.

«Тұрағы ауылымның бал қарағай,

Көркіңе кімдер өтер бір қарамай.

Шебердің әсем салған суретіндей,

Тау-тасқа ағаш өскен жер талғамай...»- деп өзі жырға қосып өткен қарағайлы орманды туған ауылының топырағын мәңгілікке жастанды. Ермек Қаратайұлы кестелі сөз сөйлеп, келісті ой айта білетін қаряларының бірі еді. Жалпы Ермек Қаратайұлының аудан өмірінің өркендеуіне тигізген еңбегі ерен. Ел басына күн туған қиын-қыстау кезде «Бала ұстаз» атанып қатарластарына білім берген. Өзі де әңгімесінде: «мен балалық шақ пен ерте қошастым» деп отырады. Ондағысы Ермек ата 1930 жылы дүниеге келді. Ал, 1931-1932 жылдары қолдан жасаған ашаршылықтың қазақ халқының қабырғасын қайыстырғаны белгілі. Одан қалды жығылғанға жұдырық болып, Ұлы Отан



сына жіберіп, мектебіміздің бастауыш сыныптарына мұғалім етіп тағайындаймыз, оған қалай қарайсың»,- деді. Мен не айтарымды білмей сасқалақтап: «Ағай мен әлі баламын ғой және білімімде жоқ қалай сабақ беремін»,- деп едім: «Сен сабақты жақсы оқыдың. Бір ай саған сабақ беру тәсілдерін курста үйретеді. Бізде көмектесеміз»,-деген соң келістім. Бір жағы балалардың алдындағы мақтанш итермеледі ме? әлде соғыс уақытындағы ауыр жағдай әсер етті ме, әйтеуір мұғалімдікке

жазу жазатын, есеп шығаратын дәптер, не басқа қағаз деген жоқ. Жазуды кітап бетіндегі жолдардың арасына жазып жүр»,- деді.

Оқу жылы басталып бірінші рет сабаққа кіргенімде ересек балалар орындарынан атып тұрып, шуылдап менің қасыма оқыдың. Олар мені мұғалім деп ойлаған да жоқ. Ананы-мынаны сұрап тынышталар емес. Түсінуге болады, бәрі кешегі өзіміз бірге асық ойнап жүрген балалар. Сонда да өз мұғалімдік міндетімді атқаруға кірістім. «Мен сендердің мұғалімдеріңмін, тынышталыңдар, сабақ бастаймыз»,- деп дауысымды қаттырақ шығардым. Барлығының көздері алақандай болып орындарына отыра бастады. Осылайша «бала мұғалім» атандым. Бұл 1944-1945 оқу жылы.

Соғыс жылдарында жаз бойы колхоздың жұмысында болып, жер жырттып, егін салуға, егін оруға шамамыз келгенше қатыстық. Қабырғамыз қатпаған жас бала болсақ та жаз бойы егістікте, қысқа сол жерлерге қар тоқтату үшін тымбай еңбек еттік. Сол үшін 1945 жылы мені «1941-1945 жылдардағы ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады. Сол медалді кеудеме тағып мектепке барып жүрдім. Содан бастап маған «орденді мұғалім» деп ат қойып алды. Осылайша бала ұстаз болып сабақ берген екі жылым өте шықты. 1946 жылы Ақмоланың педучилищесін бітірген бірнеше қыз мектеп-

қалдым. Бірақ білімім жетіспегендіктен он жылдық білім алу мақсатымен 1948 жылы Степняк қаласындағы он жылдық мектепке оқуға түстім. 1950 жылы орта білім алдым.

Осы жылы Қарағанды мұғалімдер институтына оқуға қабылдандым. Орыс тілі және әдебиет мамандығын алған соң жолдамамен Степняктағы Абай мектебіне жіберді. Кейін мектепте қызмет істеп жүрген мені аудандық партия

комитеті жергілікті «Социалистік құрылыс» газетіне жауапты хатшы етіп тағайындады. Ол кезде мақалалардың көпшілігін радио арқылы қабылдап, газетке тергізетінбіз. Бұл 1953 жыл болатын. Осы жылдың аяғында аудандық комсомол ұйымының конференциясы болып, мені аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына сайлады. 1954 жылы тың игеру басталғанда комсомол комитетіне болашақ совхоздарға жолдама беріп, трактор, автокөлік жүргізушілерін, слесар, плотник сияқты адамдарды жіберу міндеттелді. Беларусь, Россиядан келген тың игеруші жастарды Макинқа станциясында қарсы алып оларды болашақ совхоздардың орнына апарып жайғастыру менің еншіме тиді. Қыстың аяғы, қар қалың. 150-200 шақырым жердегі совхоздарға тың игерушілерді апару үшін С-80 шынжыртабан тракторға бөренелерден жасалған үлкен шана тіркедік. Үстіне вогон тәрізді үй орнатып, ішіне темір бөшкеден пеш жасадық. Барар жерге жеткен соң әскерлік палаткаларды қар үстіне тігіп, жастарды сонда орналастырдық. Жаңа жерде жаңа өмір басталды. Келген жастардан комсомол ұйымдарын құрдық.

Совхоздардың құрылысын жүргізу үшін бригада жасақтадық. Тұрмыс нысандарын салу қажет болды. Баспана, наубайхана, асхана салу үшін қазіргідей материал болмады. Баспана салу үшін тақтайдан қос қабырға қалап, ортасын буған қамыс пен жылылаған болдық. Алматыда өнертапқыштардың біреуі қамыс буатын прес-станок ойлап тапқан екен бізді Алматыға Комсомолға шақыртып әлгі станоктың сызба жобасын қолымызға берді. Степняк қаласында техника жөндейтін зауыт болған әлгі

Ермек Каратаевич Каратаев

Ушел из жизни ветеран педагогического труда, Почетный гражданин Буландынского района, краевед, поэт, человек с активной гражданской позицией Ермек Каратаевич Каратаев.

Ермек Каратаев родился 01.01.1930 года с. Кыстау Карагай Буландынского района. Образование высшее. В 1952 году окончил Карагандинский педагогический институт по специальности «Русский язык и литература»



Трудовую деятельность начал в должности учетчика. Занимал ряд должностей: бухгалтера, первого секретаря горкома комсомола, учителя, директора школы.

За годы работы в сфере образования проявил себя квалифицированным специалистом, компетентным и грамотным руководителем, обладающим высокими профессиональными качествами, имеющим хорошие организаторские способности. Пользовался непререкаемым и заслуженным уважением среди учащихся и родительской общественности.

В свободное время Ермек Каратаевич занимался творчеством, писал стихи. В 2006 году издал сборник стихов «Жыр десте», в 2007 году – «Сағыныш», «Білгенге маржан». Автор стихов к песне «Кокшетау» к 70-летию Ақмолинской области. Автор слов гимна Буландынского района – к 75-летию Буландынского района. Призер конкурса акынов Ақмолинской области.

Почетный учитель был награжден значком «Отличник народного образования Каз.ССР», медалями «Ветеран труда», «За доблестный труд», «Тыңға 50 жыл», юбилейными медалями, имел многочисленные грамоты и благодарности.

Принимал активное участие в жизни ветеранской организации района, как ветеран труда, труженик тыла, часто встречался с молодежью и делился с ними своим богатым жизненным опытом.

С уходом Ермеком ата уходит целая эпоха. Он был образцом и примером для молодого поколения педагогических работников, болел душой за развитие казахского языка, прививал молодежи лучшие нравственные ценности.

Светлая память об Ермеке Каратаевиче навсегда сохранится в наших сердцах.

Выражаем искренние и глубочайшие соболезнования семье, родным и близким, разделяя тяжесть невосполнимой утраты.

Аким Буландынского района А. СМАИЛОВ, председатель районного Совета ветеранов Б. ТУРТАНОВА, депутат Ақмолинского областного маслихата К. МЕНДЫБАЕВА, районный акимат, районный маслихат.



Соғысы басталды. Балалық шағы осындай қысылтаң шақтарға тап келген Ермек ақсақалды осылайша өмір өзі тәрбиеледі. Сол кездегі тағдыр қиыншылығы Ермек атаны тас-болаттай түлетті. Еңбекке ерте араласып, қай саланың болсын биігіне беттеп, қоғам дамуына өз үлесін тигізді. Қаламыздағы №5 білім ордасының салынуына, бір кездегі ескі мешіттің жөндеу жұмыстарына Ермек атаның тікелей селтігі тигенін біреу білсе, біреу білмейді. Ал, атаның ақындық қыры өз алдына белек әңгіме. «Жыр десте», «Сағыныш», «Білгенге маржан», «Жан шуақ» атта жыр жинақтары көпшілікке ой салар құнды дүниелер. Ермек атаның көптеген әндерге жазған сөздері де жан дүниенді жылытпай қоймайды. Жалпы өзі берген сұхбатында:

- 1930 жылы 1 қаңтар күні сол кездегі Макин ауданы Кыстау-Қарағай ауылында дүниеге келдім. 1932 жылы ашаршылыққа шалдықпай, әкешемнің арқасында құрыштай шынығып, 1937 жылы бірінші рет мектеп табалдырығын аттадым. Менің туған ауылым Макин ауданына қарасты Кыстау-Қарағай ауылында жеті жылдық мектеп болған. Мат, Ортақшыл, Қызылбай, Ұлтуған, Еркіндік ауылдарының балалары өз ауылдарында төрт сыныптық мектепті бітірген соң біздің ауылға келіп оқитын. Осы ауылдағы жеті жылдық мектепті бітірдім. 1944 жылы мектеп директоры маған: «Сені бір айлық мұғалімдер кур-

барғым келді. Сондағы бір айлық жалақы 25 сом болатын. 14 жасар мені мұғалімдікке дайындаудың себебі мұғалім жігіттерді майданға алып кеткен. Мектепте қалған жасы егде тартқан мұғалімдер мамандықтарына сәйкес келмесе де әрқайсысы екі-үш пәннен сабақ беретін. Ал, бастауыш сыныптарда мұғалімдер болмады. Мектептің шаруашылық жағын басқаратын ағай колхоздан бір өгізді сұрап алып, арбаға жекті де мені Возносенка орта мектебіне алып барды. Директорымен кездестірді де өзі ауылға кетті. Мен секілді ауылдардан келген екі-үш бала бар екен. Ішіндегі ең кішісі мен болдым.

Курс бітіріп үйге келген соң мектеп директоры маған бірінші сынып оқушылары мен үшінші сынып оқушыларын қатар бір мезгілде оқытасың деп сынып бөлмесін көрсетті. Парталары қазіргідей жас балаларға арналған емес, бойлары жетпейді биік, қабырғадағы тақтаның сыры кетіп, ағарыңқыраған. Бөлменің арт жағында

екі-үш шафта кітаптар тұр. Ауызына құлып салынған. Директор маған қарап: «Мына кітаптарды кішкентай балалар ала қоймас, сондада қарап жүр. Кітапханадан қалған кітаптар осы ғана. Былтыр ересек оқушылар шафты ашып біраз кітаптарды алыпты. Өйткені

ке қызметке келіп, бастауыш сыныптарының мұғалімдері болып тағайындалды. Мұғалімдік қызметтен босаған мені колхоз басқармасы есепшінің (бухгалтердің) көмекшісі етіп жұмысқа қабылдады. Бухгалтерлік қызметті көріп мен де бухгалтер болсам деген ойға

станокты сонда дайындап совхоздарға жеткіздік. Мұндай жұмыстарды жүргізу үшін жастар бригадасы құрылды. Бастауыш Комсомол ұйымын «Золотая Нива» совхозында мен ашқан болатынмын. Сол жастармен көптеген жұмыстар атқарылды. Сол еңбегім үшін



«Тыңға 50» медалімен марапатталдым. Степняк қаласы бұрын тек қала статусында болатын.

1955 жылы аудан орталығы Казгарадок ауылынан Степнякқа көшірілді. Қалалық мекемелер аудандық мекемелер жұмыс істей бастады.

Кейін осы жаңа орнаған совхоздарда аудандық партия комитетінің уәкілі ретінде егіс уақытында орақ науқанында комондировақалада болдым. Бұл кезде мен аудандық партия комитетінің нұсқаушысы қызметін атқарып жүрдім.

Еңбекшілдер ауданында 1960 жылға дейін қызмет істеп, үй іші жағдайымен Макин қаласына көшіп келдім. Кыстау-Қарағайда тұратын әкешемне көмектесу мәселесі де алда тұрды. Бұл жылдары ауылға қатынау өте қиын болатын. Автобус жүрмейтін. Автокөліктердің өзі бірең-сараң ғана. Макинқаға келген жылы инспектор қызметін

берді. Бұл қызметте 1963 жылға дейін істеп №3 сегіз жылдық мектепке директорлық қызметке ауыстым. Ал, 1968 жылы №2 мектептің директоры болдым. Осы қызметте жүрген жылы екі сегіз жылдық мектепті біріктіру ісі маған жүктелді. Екі мектептің мұғалімдерін біріктіріп №5 орта мектебін аштық. №5 мектеп жаңа салынған мектеп болғандықтан мектепке керекті жабдықтарды Ақмола қаласынан екі жыл бойы тасуға тура келді. Осылайша 44 жылдық еңбек өтілімнің 30 жылын мектеп директорлығына арнадым. Осы мектепте қызмет ете жүріп 1992 жылы зейнеткерлікке шықтым,- деген болатын.

Өмірден көргені, түйгені көп абыз ақсақалды мәңгілік сапарына шығарып салдық. Арқаның арқасы қозған ақ түтек бораны да саябырсып, табиғат ана да оң қабақ танытып, Қараөзектің топырағы туған ұлын мәңгілік құшағына алды. Ермек атаның артында ұрпақтан ұрпаққа жетер өлеңдері, жырлары қалды. Қолымызда құнды дүниелері тұрғанда Ермек атаның есімі мәңгі жасары анық.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.

ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА – С ДИПЛОМОМ - В СЕЛО

Спасибо за труд на селе!

Одной самых интересных и самых сложных является профессия ветеринара, сочетая в себе глубокую любовь к животным и необходимость высокой ответственности, физической и эмоциональной стойкости, а также постоянное обучение и решения сложных задач.

Известная многим фраза «ветеринар лечит весь мир» основана на знаменитой цитате ученого и физиолога Ивана Павлова. Она означает, что ветеринары не только заботятся о здоровье животных, но и защищают людей от болезней, передающихся от животных к человеку, контролируют безопасность пищевых продуктов животного происхождения, предотвращают эпидемии среди скота и диких животных, тем самым сохраняя здоровье.

Успешным представителем благородной профессии «Ветеринарный врач» является наша землячка – жительница аула Шубарагаш – Анна Мусабекова.

Анна Геннадьевна – уроженка города Степногорска Акмолинской области. Родилась 2 августа 1988 года. Окончила общеобразовательную школу в поселке Заводской, а в 2014 году, после окончания Сельскохозяйственного колледжа села Катарколь по специальности «Ветеринария», стала профессиональным ветеринарным врачом. В этом же году, получив заветный диплом, по государственной программе «С дипломом – в село!» начала свой трудовой путь в селе Шубарагаш в качестве ветеринарного врача. Молодой начинающий специалист воспользовалась поддержкой государственной



программы, в первые месяцы работы получила подъемное пособие, а позже ей выдали кредит на приобретение жилья в селе Шубарагаш, где в настоящее время наша героиня и проживает с семьей. Шли годы, молодой специалист постепенно совершенствовал навыки, применяя, полученные в стенах колледжа, знания на практике. За весь период работы, по сегодняшний день, было много и сложных, и интересных моментов. Анна Геннадьевна признается, что работа требует максимальной отдачи, ведь профессия ветеринарного врача – это не профессия, это образ жизни. Только ветврач поймет значения этих слов, потому что практически все, что ты делаешь, подчиняется интересам этой профессии. Животные болеют и ночью, и днем, и в Новый год, и ты должен быть всегда готов помогать своим пациентам и их владельцам. Здесь очень важны не только профессиональные знания и навыки, здесь необходимы коммуникативные, душевные и человеческие качества врача.



За годы работы в селе, а это ни много, ни мало, больше десяти лет, Анна Геннадьевна была удостоена признания вышестоящего руководства. В 2023 году за успешные показатели и хорошую работу в своей сфере была награждена нагрудным знаком «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ» III степени отраслевого профсоюза сельскохозяйственных работ-




ников, а в этом году, в декабре, получила этот же нагрудной знак, но уже II степени.

В данное время Анна Мусабекова является заведующей модульным ветеринарным пунктом Ергольского сельского округа и председателем профсоюзного комитета ветеринарной станции Буландынского района.

Надежную поддержку Анна Геннадьевна в его непростой трудовой миссии оказывает ее любимая семья: супруг Жанат и четверо детей. Супруг работает электромонтером в АО АРЭК Будандыньских РЭС. В семье Анна Геннадьевна заботливая жена и мама, хранительница домашнего очага. В их интернациональной семье всегда царят любовь, взаимное уважение, мир и понимание. Дочери помогают маме во всем, супруг окружает заботой и вниманием. А это дает большую мотивацию, чтобы утром с новыми планами идти на работу, которая за эти годы, стала родной и любимой.

Поздравляем Вас, Анна Геннадьевна, с недавним награждением и получением нагрудного знака за достойные трудовые показатели, желаем Вам и Вашей семье крепкого здоровья, благополучия и мирного неба. Пусть впереди будет много трудовых достижений и много высоких наград! И пусть этот тернистый путь приведет Вас к цели – в полном здравии и с оптимизмом стать ветераном ветеринарной сферы, являясь собой пример для молодого поколения специалистов! Спасибо за труд на селе: сложный, но очень нужный!

А. АМАНЖОЛОВА.



«Дипломмен ауылға» бағдарламасы

«Отбасы банк» АҚ Дипломмен ауылға» бағдарламасының операторы болып табылады! ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарымен (бұдан әрі - ЖАО) азаматтарға кредит беру бойынша.

Бағдарламаға ауылдық жерлерге тұру және бірқатар кәсіптер бойынша жұмыс істеу үшін келген қазақстандықтар қатыса алады. Бұл денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қажетті мамандықтар тізбесіне сәйкес мамандар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері (бұдан әрі-маман).

Бағдарламаға тек ауылдық елді мекендерге келген қазақстандықтар қатыса алады. Бұл денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен мамандары, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері (әкімдер мен әкімдердің орынбасарларын қоспағанда).

Аудандық әкімдіктер мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдіктері жыл сайын өз елді мекенінде жоғарыда аталған мамандықтардан талап етілетін қызметкерлердің тізбесін қалыптастыратынын атап өту маңызды. Дәл осы тізім шеңберінде сұранысқа ие мамандықтар бойынша мемлекеттік қолдау көрсетілетін болады. Қажетті мамандықтардың тізімін білім беру, денсаулық сақтау және ветеринария бөлімдері, сондай-ақ басқа да тиісті ұйымдар қалыптастырады. Бұл бөлімдер еңбек нарығының қажеттіліктері туралы ақпарат жинайды және мемлекеттік қолдау көрсетілетін мамандықтардың тізімін жасайды. Жаңартылған тізімдер ресми сайттарда әр тоқсанның 10-на дейін орналастырылады, бұл жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілерге аймақта қажетті өзекті мамандықтар туралы хабардар болуға мүмкіндік береді.

БЮДЖЕТТІК КРЕДИТ ШАРТТАРЫ: максималды сома: ауылдық елді мекендер-2000 АЕК-тен аспайды.

- несие мерзімі: 15 жылға дейін бюджеттік кредиттер кезектілік бойынша беріледі.

- қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі: жылдық 1% (гэсв-жылдық 1%)

- несие беру/қызмет көрсету үшін төлемдер: қарастырылмаған

БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТІҢ НЫСАНАЛЫ МАҚСАТЫ: • маманның жұмыс орны бойынша ауылдық елді мекендерде тұрғын үй сатып алуға/салуға

- жақын туыстарынан тұрғын үй сатып алуға, сондай-ақ маман тұрақты тұратын тұрғын үй-жай сатып алуға жол берілмейді

КРЕДИТ БОЙЫНША КЕПІЛМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ: * сатып алынатын тұрғын үй;* құрылыс несиелері бойынша:*маманның/үшінші тұлғаның атына меншік құқығымен ресімделген өтімді жылжымайтын мүлік;* салынған тұрғын үй пайдалануға берілгеннен және оны тіркегеннен кейін, ЖАО-ның келісімі бойынша бұрын берілген кепілді жер учаскесі бар салынған тұрғын үйге ауыстыруға болады.

С. НҰРМАҒАМБЕТОВА, «Буланды ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ бас маманы.

Программа «С дипломом - в село»

АО «Отбасы банк» является оператором программы «С дипломом в село!»

по кредитованию граждан местными исполнительными органами района (города областного значения) (далее - МИО).

Участие в Программе могут принять казахстанцы, приехавшие в сельскую местность для проживания и работы по ряду профессий. Это специалисты согласно перечню востребованных специальностей, в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта, агропромышленного комплекса, государственные служащие работники из вышеперечисленных специальностей. И именно в рамках этого перечня по востребованным специальностям будет оказываться господдержка. Списки востребованных специальностей формируются отделами образования, здравоохранения и ветеринарии, а также другими соответствующими организациями. Эти отделы собирают информацию о потребностях рынка труда и составляют перечень специальностей, для которых будет оказываться государственная поддержка. Обновленные списки размещаются на официальных сайтах до 10 числа каждого квартала, что позволяет работодателям и соискателям быть в курсе актуальных профессий, необходимых в регионе.

УСЛОВИЯ БЮДЖЕТНОГО КРЕДИТА: максимальная сумма: сельские населенные пункты - не более 2000 мрп. срок кредита: до 15 лет, распределение бюджетных кредитов происходит последовательно, по очередности. ставка вознаграждения по займу: 1% годовых (гэсв — 1% годовых), комиссии за предоставление/обслуживание кредита: не предусмотрены

ЦЕЛЕВОЕ НАЗНАЧЕНИЕ БЮДЖЕТНОГО КРЕДИТА: на приобретение/строительство жилья в сельских населенных пунктах по месту работы специалиста. Не допускается приобретение жилья у близких родственников, а также на приобретение жилого помещения, в котором специалист постоянно проживает.

ЗАЛОГОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПО КРЕДИТУ: приобретаемое жилье; по кредитам на строительство: имеющееся ликвидная недвижимость, оформленная на праве собственности на имя специалиста/третьего лица; после ввода в эксплуатацию построенного жилья и его регистрации, по согласованию с местными исполнительными органами возможна замена ранее предоставленного залога на построенный жилой дом с земельным участком.

С. НУРМАҒАМБЕТОВА, главный специалист ГУ «Отдел экономики и финансов Буландынского района».

Вручение республиканской премии «Рухтастар»

В Астане состоялось вручение республиканской премии «Рухтастар» молодежного крыла «Жастар Рухы» партии «AMANAT». В этом году церемония прошла уже в пятый раз. Награды получили самые активные и инициативные молодые граждане, внесшие значимый вклад в развитие страны, передает Azattyq Ruhu со ссылкой на пресс-службу партии.

В торжественной церемонии приняли участие депутаты Мажилиса, общественные деятели и молодые лидеры. В этом году на конкурс поступило более 500 заявок от молодых людей в возрасте от 18 до 35 лет. За последние годы лауреатами премии стали около 100 молодых граждан. Каждая награда – это пример труда, настойчивости и постоянного стремления к развитию.

Исполнительный секретарь партии «AMANAT» Дәулет Кәрібек подчеркнул важность роли молодежи в развитии Казахстана и отметил общественную значимость премии.

«Как отметил в своем Послании Глава государства Касым-Жомарт Токаев, для подрастающего поколения патриотизм заключается в устремленности в будущее, и это наглядно отражают происходящие в общественном сознании изменения. Образованная молодежь – это главный капитал страны и основной драйвер позитивных перемен. Все больше молодых людей стараются приносить пользу обществу, открывать новое, стремятся к саморазвитию. И мы чествуем именно таких энергичных, целеустремленных молодых людей. Премия «Рухтастар» вдохновляет всех нас идти вперед, объединяясь ради общей цели – строительства Справедливого Казахстана», – сказал он.

Отбор проходил в несколько этапов. С 25 ноября по 3 декабря заявки принимались на официальном сайте «Жастар Рухы», после чего направлялись на рассмотрение республиканской конкурсной комиссии.

в номинации «Белсенді рухтас» – активист года были награждены 20 молодых людей от каждого региона страны, от Акмолинской области- это стал Баймурат Сексенбек, студент Высшего медицинского колледжа г.Кокшетау.

А Лучшим отделением молодежного крыла «Жастар Рухы» среди 429 других по всей Республике были признаны ячейки в Бурабайском районе Акмолинской области.

«Признание нашего отделения лучшим – это общая победа наших коллег. Эта награда мотивирует нас работать с еще большей ответственностью. В этом году мы реализовали несколько проектов в социальном, экологическом и образовательном направлениях. В дальнейшем мы продолжим вносить вклад в развитие молодежной политики в нашем регионе», – сказал представитель Бурабайского районного отделения молодежного крыла «Жастар Рухы» Алишер Баймуханов.

ӘРТҮРЛІ ТАҚЫРЫПТАР – НА РАЗНЫЕ ТЕМЫ

В магазине «Жал Жая» встречали покупателей в патриотическом стиле

Праздничный челлендж был запущен в преддверии Дня Независимости Республики Казахстан. Жители и владельцы магазинов начали украшать свои торговые объекты в патриотическом стиле. Это современный тренд получил широкий резонанс в социальных сетях и стал вирусным. Сотни тысяч казахстанцев оставляли лайки и лестные комментарии, отмечая гражданскую активность, патриотизм и любовь к родной земле неравнодушных людей. Все началось с видео из мини-маркета в Астане: столичный предприниматель оформил свой магазин в цветах Государственного Флага, и развесил в нем флажки и шаррики.

Отечественные предприниматели быстро подхватили патриотический челлендж и начали делиться в социальных сетях своими фото- и видеоматериалами.

Прекрасный пример подал землякам, проявив гражданскую по-



данскую инициативность!

зицию и патриотизм, магазин мясных продуктов «Жал Жая» г. Макинска. Магазин был украшен флажками, шарриками в патриотическом стиле, как внутри, так и снаружи, посетителей встречали «Казахстанским» шоколадом.

Символично, что именно магазин «Жал Жая» по-особенному встретил День Независимости, ведь мясное производство в Казахстане имеет огромное стратегическое значение, так как мясо (особенно говядина, конина, баранина) является основой рациона казахстанцев, поддерживая традиции кочевников, обеспечивая местную экономику и создавая рабочие места.

Хотелось бы пожелать магазину «Жал Жая» процветания и экономического долголетия, качественной продукции и благодарности от клиентов! А также выразить благодарность за граж-

А. АМАНЖОЛОВА.

«Предоставление бесплатного и льготного питания отдельным категориям обучающихся и воспитанников в общеобразовательных школах»

Правила оказания государственной услуги.

Наименование услугодателя - Местные исполнительные органы областей, городов Астана, Алматы и Шымкент, районов и городов областного значения, управления образования областей, городов республиканского значения и столицы, отделы образования районов и городов областного значения, организации образования

Способы предоставления государственной услуги - Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются через: 1) канцелярию услугодателя; 2) веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz (далее – портал).

Срок оказания государственной услуги - 1) с момента сдачи документов услугодателю, а также при обращении на портал – 5 (пять) рабочих дней; 2) максимально допустимое время ожидания для сдачи документов у услугодателя – 15 минут; 3) максимально допустимое время обслуживания услугодателем – 30 минут.

Форма оказания - Электронная (частично автоматизированная) \ бумажная/проактивная

Результат оказания государственной услуги - Справка о предоставлении бесплатного и льготного питания в общеобразовательной школе либо мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги в случаях и по основаниям, предусмотренным пунктом 9 требований к оказанию государственной услуги. На портале результат оказания государственной услуги направляется и хранится в «личном кабинете» услугополучателя.

Размер оплаты, взимаемой с услугополучателя при оказании государственной услуги, и способы ее взимания в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан – бесплатно.

График работы услугодателя, Государственной корпорации и объектов информации - 1) услугодателя: с понедельника по пятницу включительно, с 9.00 до 18.30 часов, с перерывом на обед с 13.00 часов до 14.30 часов, кроме выходных и праздничных дней, согласно трудовому законодательству Республики Казахстан. 2) портала: круглосуточно, за исключением технических перерывов в связи с проведением ремонтных работ (при обращении услугополучателя после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни согласно трудовому законодательству Республики Казахстан, прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляется следующим рабочим днем). Адреса мест оказания государственной услуги размещены на: 1) интернет-ресурсе Министерства просвещения Республики Казахстан: www.edu.gov.kz; 2) портале: www.egov.kz.

Перечень документов и сведений, истребуемых у услугополучателя для оказания государственной услуги – к услугодателю: 1) заявление; 2) документ, удостоверяющий личность либо электронный документ из сервиса цифровых документов (требуется для идентификации личности); 3) свидетельство о рождении ребенка (детей) в

электронной форме или его копия на бумажном носителе, при отсутствии сведений в информационной системе «Регистрационный пункт ЗАГС» (далее – ИС ЗАГС) либо родившегося за пределами Республики Казахстан; 4) копия свидетельства о заключении или расторжении брака (при отсутствии сведений в ИС ЗАГС); 5) копия документа, подтверждающего статус: для детей из семей, имеющих право на получение государственной адресной социальной помощи - справка, подтверждающая принадлежность услугополучателя (семьи) к получателям государственной адресной социальной помощи, предоставляемая местными исполнительными органами; для детей из семей, не получающих государственную адресную социальную помощь, в которых среднедушевой доход ниже величины прожиточного минимума - документы о полученных доходах (справка о заработной плате работающего родителя или лиц их заменяющих, о доходах от предпринимательской и других видов деятельности, о доходах в виде алиментов на детей и других иждивенцев); для детей - сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, проживающих в семьях - решение уполномоченного органа об утверждении опеки (попечительства), патронатного воспитания для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, воспитывающихся в семьях; для детей из семей, требующих экстренной помощи в результате чрезвычайных ситуаций и иных категории обучающихся и воспитанников, определяемых коллегиальным органом управления организации образования - решение коллегиального органа на основании обследования материально-бытового положения семьи. Документы представляются в подлинниках для сверки, после чего подлинники возвращаются услугополучателю. на портал: 1) заявление в форме электронного документа, подписанное ЭЦП услугополучателя или удостоверенное одноразовым паролем, при регистрации и подключения абонентского номера услугополучателя, предоставленного оператором сотовой связи, к учетной записи портала; 2) электронная копия свидетельства о рождении ребенка, при отсутствии сведений в ИС ЗАГС либо родившегося за пределами Республики Казахстан; 3) электронная копия свидетельства о заключении или расторжении брака (при отсутствии сведений в ИС ЗАГС); 4) электронная копия документа, подтверждающего статус: для детей из семей, имеющих право на получение государственной адресной социальной помощи - справка, подтверждающая принадлежность услугополучателя (семьи) к получателям государственной адресной социальной помощи, предоставляемая местными исполнительными органами; для детей из семей, не получающих государственную адресную социальную помощь, в которых среднедушевой доход ниже величины прожиточного минимума - документы о полученных доходах (справка о заработной плате работающего родителя или лиц их заменяющих, о доходах от предпринимательской и других видов деятельности, о доходах в виде

алиментов на детей и других иждивенцев); для детей - сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, проживающих в семьях - решение уполномоченного органа об утверждении опеки (попечительства), патронатного воспитания для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, воспитывающихся в семьях; для детей из семей, требующих экстренной помощи в результате чрезвычайных ситуаций и иных категории обучающихся и воспитанников, определяемых коллегиальным органом управления организации образования - решение коллегиального органа на основании обследования материально-бытового положения семьи.

Основания для отказа в оказании государственной услуги, установленные законодательством Республики Казахстан - 1) установление недостоверности документов, представленных услугополучателем для получения государственной услуги, и (или) данных (сведений), содержащихся в них; 2) несоответствие услугополучателя и (или) представленных материалов, объектов, данных и сведений, необходимых для оказания государственной услуги, требованиям, установленным постановлением Правительства Республики Казахстан от 25 января 2008 года № 64 «Об утверждении Правил формирования, направления расходов и учета средств, выделяемых на оказание финансовой и материальной помощи обучающимся и воспитанникам государственных учреждений образования из семей, имеющих право на получение государственной адресной социальной помощи, а также из семей, не получающих государственную адресную социальную помощь, в которых среднедушевой доход ниже величины прожиточного минимума, и детям - сиротам, детям, оставшимся без попечения родителей, проживающим в семьях, детям из семей, требующих экстренной помощи в результате чрезвычайных ситуаций, и иным категориям обучающихся и воспитанников»; 3) отсутствие согласия услугополучателя, предоставляемого в соответствии со статьей 8 Закона Республики Казахстан «О персональных данных и их защите», на доступ к персональным данным ограниченного доступа, которые требуются для оказания государственной услуги.

Иные требования с учетом особенностей оказания государственной услуги, в том числе оказываемой в электронной форме - Усергополучатель имеет возможность получения государственной услуги в электронной форме через портал при условии наличия ЭЦП. Информацию о порядке и статусе оказания государственной услуги услугополучатель получает посредством Единого контакт-центра: 1414, 8 800 080 7777. Сервис цифровых документов доступен для пользователей, авторизованных в мобильном приложении. Для использования цифрового документа необходимо пройти авторизацию в мобильном приложении с использованием электронно-цифровой подписи или одноразового пароля, далее перейти в раздел «Цифровые документы» и выбрать необходимый документ.

Э. КОВАЛЕВА, методист отдела образования Буландынского района.

Ақмола облысында қайтарылған активтер есебінен 12 млрд теңгеге Kokshe Arena көпфункционалды спорт кешені салынды

Мемлекет басшысының 2025 жылғы наурызда Ұлттық құрылтайдың IV отырысында берген тапсырмасын орындау аясында Көкшетауда Kokshe Arena заманауи көпфункционалды спорт кешенінің ашылуы өтті. Нысан Арнаулы мемлекеттік қор қаражаты есебінен тұрғызылды. Бұл мақсатқа Үкімет 12,6 млрд теңге бөлді.

Ғимараттың сыйымдылығы шамамен 1 мың адамды құрайды. Кешенде заманауи мультимедиялық жүйелері бар 650 орындық көрермен залы, өрмелеу алаңы мен өрт-қолданбалы спорт түрлеріне арналған мұнарасы бар әмбебап спорт залы қарастырылған. Бокс, күрес, ауыр атлетика және кроссфит залдары сертифицирталған олимпиадалық стандарттағы құралдармен жабдықталған. Халықтың мобильділігі төмен топтары үшін де барлық жағдай жасалған.

Іргелес аумақта жеңіл атлетика аймағы, ойын спорт түрлері мен лақтыру пәндеріне арналған алаңдар, сондай-ақ демалыс аймақтары жабдықталған.

Салтанатты ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Берік Асылы, туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, қаржы министрі Мәди Такиев, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов қатысты. Іс-шараның құрметті қонақтары World Boxing халықаралық федерациясының президенті Геннадий Головкин, UFC аясында өнер көрсететін аралас жекпе-жек шебері Шавкат Рахмонов болды.

Айта кету керек, Kokshe Arena – қайтарылған активтер қаражаты есебінен салынған аймақтағы екінші спорттық инфрақұрылым нысаны. Бұған дейін облыста Зеренді ауылында балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектебі ашылған болатын.

Ақмола облысында Арнаулы мемлекеттік қордың қаражатына барлығы 42 әлеуметтік нысан, оның ішінде 14 денсаулық сақтау мекемесі, 26 сумен жабдықтау нысаны және 2 спорт мекемесінің құрылысы жоспарланған.

Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы.



За счет 12 млрд тенге возвращенных активов в Акмолинской области открыт многофункциональный спорткомплекс Kokshe Arena

В рамках исполнения поручения Главы государства, данного на IV заседании Национального курултая в марте 2025 года, в Кокшетау состоялось открытие современного многофункционального спортивного комплекса Kokshe Arena. Объект возведен за счет средств Специального государственного фонда. На эти цели Правительством было выделено 12,6 млрд тенге.

Максимальная вместимость здания составляет около 1 тыс. человек. В комплексе предусмотрены зрительный зал на 650 мест с современными мультимедийными системами, универсальный спортивный зал со скалодромом и башней для пожарно-прикладных видов спорта. Оборудованы залы бокса, борьбы, тяжелой атлетики и кроссфита с сертифицированным инвентарем олимпийского стандарта. Созданы все условия для маломобильных групп населения.

На прилегающей территории обустроены легкоатлетическая зона, площадки для игровых видов спорта и метательных дисциплин, а также зоны отдыха.

В церемонии открытия приняли участие Генеральный прокурор Берік Асылы, министр туризма и спорта Ербол Мырзабосынов, министр финансов Мәди Такиев, аким Акмолинской области Марат Ахметжанов. Почетными гостями мероприятия стали президент международной федерации World Boxing Геннадий Головкин и известный боец смешанных единоборств Шавкат Рахмонов.

Стоит отметить, что Kokshe Arena стала вторым объектом спортивной инфраструктуры в регионе, построенным за счет возвращенных активов. Ранее была открыта ДЮСШ в селе Зеренда.

Всего из средства из Специального государственного фонда в Акмолинской области запланировано строительство 42 социальных объектов, включая 14 учреждений здравоохранения, 26 объектов водоснабжения и 2 спортивных учреждения.

УВБ Акмолинской области.

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН – ИЗ ПОЧТЫ РЕДАКЦИИ

Мир профессий большой!



